

## **Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды қолдау кабинетінің жүргізілген жұмыстары**

**Мақсаты:** Инклюзивті білімнің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін ғылыми-эксперименталды және перспективті педагогикалық тәжірибенің табысты нәтижелерін жинақтау, жалпылау және тарату арқылы білім беру ұйымында инклюзивті білім беруді ендіру мен дамыту. Педагогикалық-психологиялық қолдау арқылы оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерделеу, білім беру қажеттіліктеріне қарай бейімдеу, педагогикалық әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып барлық білім алушылар үшін тең білім беру мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету, ерте жастан түзете-дамыта отырып кәсіби бағдар беру, толыққанды жеке тұлға тәрбиелеу.

### **Міндеті:**

- жалпы білім берудің инклюзивтік қағидасының негізгі мазмұн ашу;
- ҚР жалпы білім беруде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алуына жағдай жасауды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ететін отандық нормативтік-құқықтық актілермен таныстыру;
- оқушылардың оқудағы қиындықтардың себептерін және соның салдарынан пайда болатын ерекше білім беру қажеттіліктерін сипаттау;
- оқушының ерекше білім алу қажеттілігін анықтау және бағалау алгоритмін сипаттау, оқу процесі барысында психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен тәсілдерін анықтау;
- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке және қысқартылған оқу бағдарламасын құруға ұсыныстар беру.

Мектеп жанынан ашылған инклюзивті қолдау кабинеті 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айынан бері өз жұмысын жүргізіп келеді. Қазіргі таңда инклюзивті қолдау кабинетінде ПМПК қорытынды шешімімен келіп отырған ерекше білімді қажет ететін 11 оқушы және денсаулығына байланысты үй жағдайында білім алатын 2 оқушыға мамандар тарапынан психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілуде.

Мектептегі инклюзивті білім беруді қолдау кабинеті жалпы ережеге сәйкес төрт аймақтан тұрады. Атап айтсақ,

- ата-аналарға кеңес беру аймағы
- балалардың демалу аймағы
- мұғалімдер мен мамандардың ұжымдық жұмыс аймағы
- жеке сабақтар өткізуге арналған аймақ болып бөлінеді.

Қолдау кабинеті ережеге сай жабдықталған. Балаларға арнайы жасалған жабық парталар, ойын алаңына қажетті жабдықтар, топтық сабақтарға арналған парталармен қамтылған.

Инклюзивті қолдау кабинетінде психолог, логопед, дефектолог, педагог-ассистент мамандары балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып төмендегідей жүйелі жұмыстарды жүргізеді.

- Сабақ кестесі бойынша психологтің, логопедтің, арнайы педагогтің жеке және топтық сабақтары:

"Artikme Pro" заманауи интерактивті ақылды айнасы арқылы балалардың сөйлеу қабілетін дамыту, сөйлеу бұзылыстарын түзету және алдын-алу мәселелерін шешу:

- Баланың жалпы танымдық қабілеттерін дамыту. Естуін, көруін, зейінін бір арнаға шоғырландыру:

- Ата-аналарға, мұғалімдерге, консультациялық -әдістемелік көмек көрсету:

Қолдау кабинеті ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуда заманауи кіріктірілген компьютері бар "Artikme Pro" интерактивті ақылды айнасымен толықтырылды. «ArtikMe Pro» ақылды айнасы балалардың сөйлеу қабілетін дамыту, сөйлеу бұзылыстарын түзету және алдын-алу мәселелерін шешуге арналған. Интерактивті кешен жиынтығы 7500 сурет, 72 дыбыс, механика және анимация, сонымен бірге 217 сөйлеуді дамытуға арналған, дыбысты айту жаттығуларымен қамтылған.

Қолдау мамандары артикуляциялық аппаратының жағдайын бақылау үшін айна ретінде және түзету-білім беру жұмысының негізгі бағыттары бойынша жұмыс жасау үшін көрнекі дидактикалық материал ретінде пайдаланады. Қыркүйек айында инклюзивті қолдау кабинетінің құжаттарын рәсімделіп жұмыс жоспары құрастырылды. Жоспар бойынша ата-анамен сұхбат жүргізе отырып оқушы туралы ақпарат, сауалнама алынды. Әр оқушының дамуы бойынша , жеке бағдарламамен жұмыс жасалынды.

Координатор:  Рахманкулова Г.С.



